

**Республикалық Жер қойнауын қорғау және Минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қорын құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 6 қазан N 824. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.02.24. N 135 қаулысымен. ~P980135

Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы Кодексіне сәйкес және Минералдық-шикізаттық базаны дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қаржымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Пайдалы қазбаларға геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарына, геологиялық барлау жүргізуді және кен бөлігі жұмыстарын лицензиялауға шыққан шығындарды жабуға арналған төлемдер есебінен Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қоры құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қорын республикалық бюджеттің құрамына енгізісін.

3. Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қоры туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 6 қазандағы  
N 824 қаулысымен  
Бекітілген

Республикалық жер қойнауын қорғау және  
минералдық-шикізаттық базаның орнын  
толтыру қорын құру туралы  
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Ереже Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы Кодексіне негізделіп және сәйкестендіріліп жасалды.

Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қоры (бұдан былай Қор) жер қойнауын геологиялық тұрғыдан зерделеудің барлық түрлерін мақсатты қаржыландыру осы зерттеулерді қамтамасыз ететін жұмыстар мен шығындарды қаржыландыруды қоса алғанда ( өндірісті басқару, ғылым, кадрларды оқыту, инфрақұрылымдар жасау шығындары, әлеуметтік ортаны қамтамасыз ету және басқалар), үшін құрылады.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау

министрлігі Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қорының қаражатын жұмсау тәртібін осы Ережеге сәйкес белгілейді.

Қор қаражатын пайдаланудың дұрыстығына бақылау жүргізу Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетіне жүктеледі.

Тағайындалуы бойынша пайдаланылмаған Қор қаражаты бюджетке қайтарылып алынады.

II. Қаржыландыру көздері

3. Қор мыналардың есебінен құралады:

ведомстволық тиістілігі мен меншік нысандарына қарамастан минералдық шикізатты (жер асты суларын қосқанда) өндірумен шұғылданушы барлық шаруашылық субъектілердің пайдалы қазбаларға геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізуге кеткен шығындардың орнын

толтыру үшін аударылатын төлемдерден;

жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге және кен бөлігіне лицензиялар алу үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен мөлшерде Қор есебіне аударатын төлемдерінен.

#### 4. Төлемдердің мөлшерін Қазақстан Республикасы Геология және жер

қойнауын қорғау министрлігі Мемэкономкомитетпен және мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып әзірлейді, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді де, төлеушілер Қорға ай сайын жалпымемлекеттік салықтардың құрамында төлеп отырады.

5. Ставкалардың төленуін бақылау "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бас салық инспекциясына жүктеледі.

### III. Қорды пайдалану

#### 6. Қордың қаражаттары:

жер қойнауын қорғауға;

геологиялық-технологиялық, тәжірибелік-өнеркәсіптік және басқа осы зерттеулерді қамтамасыз ететін жұмыстардың кешенін қосқандағы геологиялық зерттеулердің барлық түрлеріне. Бұл жұмыстарға кететін шығындар Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі белгілеген тәртіпте бекітілген жобалар немесе тікелей сметалық есептер арқылы анықталады;

жалпымемлекеттік сипаттағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, салалық нормативтік база жасауға;

жаңа өндірістер құруға, геологиялық барлау жұмыстарын жетілдіруге бағытталған болса, жүріп тұрған өндірістерді қайта құруға;

геологиялық ұйымдар орналасқан поселкелер мен қалаларда құрылыс және жайластыру жұмыстарын жүргізуге, геологиялық ұйымдардың әлеуметтік саласын (мектепке дейінгі балалар мекемелерін, мектептерді, ауруханаларды, дүкендерді, асханаларды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарын, қосалқы ауыл шаруашылығын және басқаларды) ұстауға;

Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің

құзырына Үкімет берген орта және жоғары оқу орындарын, біліктілігін көтеру институтын қаржыландыруға;

республикалық және аумақтық геологиялық қорларды, музейлерді ұстауға;  
мемлекеттік геологиялық бақылауды жүзеге асыруға;

геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуші заңды ұйымдар мен жеке адамдарды аттестациялауға;

көрсетілген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін негізгі қорлардың барлық түрлерін (автокөлік, жабдықтардың барлық түрлері, компьютерлік техника және басқалар) сатып алуға;

Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі туралы Ережеде белгіленген мақсаттар мен міндеттерге пайдаланылады.

#### IV. Қорды жою және өзгерту

7. Қорды жоюды немесе өзгертуді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, не оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.